

И. КАНТ ФИЛОСОФИЯ- СЫНДАҒЫ ОЙЛАУ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЛОГИКАЛЫҚ ОЙ ТҮЗІЛІМІ

Ойлау мәдениеті феномені ауқымды екі философиялық категорияның үйлесімділігінен туындаған рухани құбылыс. Кезінде, қазақстандық танымал екі философ А.Х. Қасымжанов пен А.Ж. Келбұғановтың осы мәселе төңірегінде ой саптағаны философиямен айналысып жүрген оқырман қауымға ой салғаны белгілі. Біз, осы күрделі де, көкейкесті мәселені басқа қырынан қарастырып, яғни, философия ғылымының классиктерінің ой лабораториясына ене отырып, шолу жасау арқылы көрсеткіміз келеді. Осы салада ерекше ой түйген ойшылдардың бірегейі – немістің классикалық философиясының негізін қалаған И. Кант болып табылады. Ол өз кезегінде, философия әлеміне төрт жүзден астам ұғымдар мен терминдерді ғылыми айналымға ендіргені белгілі. Алайда, бізді бұл мақалада терминдер мен ұғымдардың тарихы емес, ойлау мәдениеті феномені қызықтыратын болады.

Бесенеден белгілі болғандай, адамзат ақыл-ойы тарихын толғай қарасаңыз, кез келген ұғымға балама боларлық термин дереу табыла кететіндігіне көз жеткізесіз, кейде ұғым өзіне релевантты терминді бірнеше ғасырлап күтетін кезі де кездеседі. Ойлау мәдениеті ұғымы тап осындай жағдайды бастан кешті. Ұғымның өзі ежелгі философия кезінде-ақ табылған еді, ал оған сәйкес келетін термин Батыс Еуропада XVIII ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болды. Зерттеушілер нақ осы уақытта мәдениет және өркениет ұғымдарының пайда болуын жатқызады («өркениет» термині болса қолдан жасалды, өйткені латында бұл болмаған еді).

Жаңа дәуір философиясы патристикамен, схоластикамен күрестің жаңа бір тиянақты, жүйелі жолын ұсынды, сонымен бірге ойлау мәдениетін жетілдіруге де арнайы назар аударды. Ф.Бэкон ғылыми танымдағы адасудың көздері болып табылатын «идолдарды» аңдай біліп [1, 196 б.], одан ғылым жолын тазалауды қолға алды, Б. Спиноза «интеллектіні жетілдіру» қажеттігін негіздесе, Р. Декарт «Ақылды басқаруға арналған ережені» алға тартты [1, 272 б.].

Жаңа дәуірде таным теориясында басты екі философиялық бағыт – эмпиризм мен рационализм қалыптасқандығы белгілі. Олардың әрқайсысында философиялық ойлау мәдениеті әртүрлі деңгейде түсіндірілді. Осы «Эмпиризм немесе рационализм»

альтернативасын жеңуге талпыныстан әлемдік философияның дамуында жаңа кезең басталады, кейіннен бұл таным бағдарларының бастауында И.Кант тұрды. Ол өзінің философиялық қызметінің осы кезеңін «сындарлы» деп атаған еді. Сол тұста классикалық неміс философиясы қалыптасты, олар үшін ойлау мәдениеті негізгі басты орындардың бірі ретінде ойтаным сахнасына шығарылды. Осы мақалада, біз Иммануил Канттың ойлау мәдениетіне байланысты ой түйіндерін таразылаймыз.

Канттың еңбектерінде «Ойлау мәдениеті» мәселесі философия тарихына және философиялық антропологияға (адам туралы философиялық ілім) қатысты жұмыстарында зерделенген еді. Ойшыл философияның негізгі мәселесі оның «бүкіләлемдік азаматтық мәні»: «Адам дегеніміз не?» [2, 27 б.] деген сұрақ болып табылады деп есептегеніне қарамастан, әйтсе де, ол дүниеге көзқарастық натуроцентризмді ұстанады. Оның көзқарасы бойынша, адам мен оның болмысының әлемі табиғаттың бір бөлігі және оның заңдарына бағынады. Тарих Табиғатқа қарсы тұрмайды, бірақ соған кіріктірілген. Сонымен, адамды, қоғамды және тарихты зерттеу – табиғатты зерттеу арқылы ғана мүмкін болады.

Ол таратып көрсеткендей, натуроцентризмнің негізгі бағдары осындай ұстанымды таңдайды. И.Кантта ол соншалықты радикалды өлшемдермен қанағаттандырылмайды, адам ерік пен санаға ие болғандықтан, жануарлардан жоғары тұр деп танылады. Оның түсінігі бойынша, жекелеген адамдар және тіпті тұтас халықтар ерік пен санасына сүйене отырып, өздерінің жеке мақсаттарын көздеп, көбіне басқа адамдар мен басқа халықтарға зиян келтіре отырып, әрекет етеді. Олар енді жануарлар секілді инстинкті түрде емес, әлемнің нақты саналы азаматы секілді келісімді жоспар бойынша әрекет етеді. Сондықтан адамзат тарихы хаостық үдерісті еске түсіреді, онда ақымақтық, инфантилділік, зұлымдық, қызғаныш, ашу және тіпті бұзуға деген құштарлық әрекет етпейді және адамзат тегіне қатысты ешқандай да ортақ мақсат көзделмейді. Мұнда адамзат жануарлар патшалығына қарағанда, өздерінің артықшылықтарына көздері жеткен болып шығады.

Кант көзқарасы бойынша, тарихқа назар аударған философ тығырыққа тіреледі, бірақ табиғаттың адамзат баласына қатысты белгісіз жеке жоспары бар және оның мақсаты оны жүзеге асыру дегенге жол аша отырып, одан шығуға мүмкіндіктер ашылады. «Жалпы адам баласының тарихын, – деп жазады ол, – табиғаттың құ-

пия жоспарын орындау ретінде қарауға болады – осы мақсат үшін ол іштей және сырттай кемел мемлекеттік құрылысты біртұтас, табиғаттың адамзатқа берген бүкіл қасиеттерін толықтай дамыта алатын құрылым ретінде қарайды» [3, 18-19 бб.]. Бұл мақсатқа жетуді Кант «әлемдік-азаматтық жағдай» ретінде анықтайды. Алайда, мұндай жетістікке дейін әлі де ұзақ уақыт керек. Қазіргі заманғы адамзат оған қол жеткізу жолында ғана келе жатыр деген ойларын тиянақтайды.

Адам табиғаттың туындысы, Кант бойынша ол іштей, өз-өзіне қарама-қайшылықты. Оның бойында өзіне ұқсастармен қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыстар бар. Бұл адамның бастапқы стихиялы табиғатынан қатыгез екендігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, адамдар өз ықтиярымен өзіне табиғат берген қасиеттерді дамытуға пейілді емес. Кантша, табиғат адамды керемет етіп жаратқан. Осы шарт адамдардың өз қасиеттері мен қабілеттерін дамытуына мүмкіндіктер ашады. Бұл «әлемдік-азаматтық жағдай» мақсатына жету үшін қажет мүмкіндік болып табылады. Кантша, бұл құрал – антагонизм. Бұл антагонизм адамдарды табиғат жалқаулығынан оятып, тіршілік ету мен табысқа жету үшін өзінің бүкіл күш-қуатын жұмсауына мәжбүрлейді. Ол адамдардың түрлі айла-шарғыларға жүгініп, тіпті зұлымдыққа баруына, жақындарын жаратпауына, сөйтсе де төзімділік танытуға үйретеді. Өйткені, жалғыз-жарым адам емес, барша адам баласы ғана табиғаттың ұлы жоспарын іске асыра алады. «Мұнда, – дейді Кант, – дөрекіліктен мәдениетке бастайтын алғашқы қадам басталады. Ол шын мәнінде адамның қоғамдық құндылықтарынан тұрады. Мұнда бүкіл талант дамып, талғам қалыптасады. Ағартудың арқасында дөрекі табиғи қасиеттерді уақыт өте келе нақты ұстанымдарға айналдыру, сөйтіп ақыр соңында өмірмен әйтеуір еріксіз ымыраласуды моралдық тұтастыққа айналдыруға мүмкіндігі бар ойлау бейнесін тұжырымдауға негіз қалайды [3, 11-12 бб.]. Сөйтіп, табиғи тіршілік пен әлемдік-азаматтық жағдай арасында ұзақ кезең құрылады. Бұл Маркстік «адамзат қоғамының алғы тарихын» еске түсіреді.

И. Кантша, адамға табиғат берген бастапқы қасиеттерді үш топқа бөлуге болады: 1) жануарлық қасиеті; 2) адамзат қасиеттері және 3) тұлғалық қасиеттер. Біріншісі – бұл тірі жан ретіндегі адамның табиғи болмысы, қасиеттері; екіншісі – саналы қасиеттер; үшіншісі – қолдана алатындай тіршілік қасиеттері [3, 44 б.]. Бірінші және екінші топтағы қасиеттерді ол таза механикалық

өзін-өзі жақсы көруге жатқызады, ал екіншісі – салыстырмалы өзін-өзі жақсы көру болып табылады. Кант бойынша, осы және басқа қасиеттер тобына мынадай ақаулар да тән: біріншісіне – «табиғи дөрекілік» ақауы, екіншісіне – «мәдениет ақауы». Бұл ақаулардан қашып құтыла алмайсыз. Ақаулардың бірінші түрі «жануарлықтан» (комағайлық және с.с.), екіншісі – «сайтани ақаулардан» (қызғаныш, іштарлық және басқалары) туады. Оның ойынша, тұлғалық қасиеттер мүлдем басқа тектен жаралған [3, 17-18 бб.]. Бұдан әрі Кант өз ойын былайша сабақтайды: «Біз аталған үш қасиеттердің үш түрін олардың мүмкіндігіне орай қарастырсақ, онда біз біріншінің ешқандай ақылда тұрақтанбайтынын көреміз; екіншісі іс жүзінде тамыр байлағанымен, сананың басқа қырларына тәуелді, ал үшіншісі ғана өздігінен іс жүзінде тамыр байлайды, яғни сөзсіз заңдастырушы санада орнығады» [3, 44 б.].

Сөйтсе де, ол адамды француз немесе ағылшын материализмі рухында түсінбейді. Адам – табиғаттың бір бөлшегі және адамзат тарихының мақсатын табиғат әзірлеп берген. Алайда, адам – субъект. Ол – феноменалдылық пен ноуменалдылықтың бірлігі, табиғилық пен тұлғалықтың бірлігі болғандықтан, ол өз жолын өзі таңдайды. Тұлға іштей еркін жаратылыс ретінде, ол өз бойында табиғи қасиеттерді дамытып қоюға ғана тиісті емес, сонымен бірге оны дамыту жөнінде өзіне міндеттеме де алады. Яғни, өзін мәденилендіруге міндеттеме қабылдайды. Мұндай мәдениеттендіруді Кант тәрбие ретінде анықтайды.

Кант тек адам ғана тәрбиелене алады, бұған өзіне күтім жасау, тәртіпке келтіру және білім үйрету кіреді [4, 445 б.]. Ойшыл оқыту мен білім беруді ажыратады. Біріншісіне, ол дағдылар мен икемдерді қалыптастыруды енгізіп, оны дене тәрбиесіне жатқызады (бұл дене күші мен рухани мүмкіндікті дамытуды, сондай-ақ тәртіпті қалыптастыруды қамтиды). Білім беруді ол моральды қалыптастырумен ұштастырады. Бұл ретте ойшыл мектептегі оқыту (икемерді үйрену) мен прагматикалық тәрбиені айырады.

Иммануил Кант рухани мүмкіндіктердің жалпы және жеке мәдениетін бөліп көрсетеді. Біріншісінің міндеті – бойдағы қабілетті нығайтып, жетілдіру, екіншісінің міндеті – «танымдық қабілетті, сезімді, пайымдау қабілетін, жадты, назардың орнықтылығын, ой өткірлігін, жалпы алғанда, парасаттың төменгі деңгейіне жататындардың баршасын дамыту. Парасаттың жоғары мүмкіндіктеріне келетін болсақ, мұнда парасаттылық мәдениеті, пайымдау мен ақыл-ой қабі-

леті туралы сөз болып отыр [4, 480 б.]. «Рухани қабілеттер мәдениеті», – дейді Кант, – «тұрақты дамуы керек, ал ұсақ қабілеттер өз бетінше емес, жоғары қабілетпен қатар дамуы тиіс. Мысал үшін тапқырлық (ұсақ қабілет) ақыл-ойға (жоғары қабілет) қатысты дамуы тиіс».

Ол парасатты, басқа қабілеттер секілді бірқатар ережелерге бағынады деп атап көрсетеді. Ал, мұны зерттеп білуге әбден болады. «Мұнда», – дейді философ, «оларды қолдану процесінде де, сол секілді оған қатыссыз да, яғни, таза күйінде де зерттеп білуге болады» деп есептейді. Ереже өз кезегінде, кездейсоқ болуы да мүмкін (парасат оны айналып өте алады) сол секілді қажетті болуы да ықтимал (яғни, оны айналып өте алмайды).

И. Кантша, логика аналитика мен диалектикаға бөлінеді. Біріншісі «аналитика пайым мен парасат», демек, ақиқат логика мен ойлаудың формальды дұрыстығының каноны болып табылады. Кант жалпы және трансценденталды логиканы айырады, бірақ біз үшін осы жағдайда бұл маңызды емес.

«Осы теориялық және жалпы ілімді (яғни аналитиканы – Авт.) практикалық өнер ретінде қолданғысы келсе, ол диалектика болып табылады. Аналитиканы жай ғана теріс мақсатқа пайдалану көзбояушылық логиканы (*ars sophistica, disputatoria*) туындатады, бір логикалық формада нақты білімнің көрнекілігі көрінетіндіктен, объектіге сәйкес, яғни, ой мазмұннан алынуы тиіс» [4, 321 б.]. Сонымен, аналитиканы мақсатына сай пайдаланбау аналитиканың өн бойына өзгеріс енгізбейді. Егер де ол әдейі канон ретінде пайдаланылса, онда оны осылайша пайдаланушы адасуға ұшырамайды.

Канонды органон ретінде пайдаланудың аналитиканы диалектикаға айналдырудың объективті мүмкіндігі болғандықтан, логиканы тек мәдениет деп қана емес, ойлауды тәртіп деп те санау керек. Кант мәдениет пен тәртіпті ажыратады. Оның көзқарасынша, тәртіп адамның осындай немесе басқа ережелерден бас тартуын шектейді; мәдениет болса, игерілгендерді шектеместен дағдыларға жол ашады. Егер де, адамның дарындылыққа бейімі болса, онда тәртіп өзінің теріс мәнін, ал, мәдениет оң мәнін байқайды. Мұндайда тәртіп пен мәдениет жасампаз болғандықтан ғана теріс емес, олар қиратқыш та емес; ол – сақтаушы. Ол ойлау мәдениетін ережеден бас тартуға бейімдейтін әрбір қадамды дағы күдіктенуден сақтайды, яғни, формальды логиканың заңдарынан, ең алдымен қарама-қайшылық заңынан қорғайды.

Енді ойлау мәдениетінің субъектінің ақиқатқа танымдық қатынасы үлгісінде қалай көрінетініне назар аударалық. И. Кант тұжырымдауындағы танымдық үдерістің логикасына үңіліп, таным шекарасы туралы көзқарастырына шолу жасайық.

И. Кант өзіне Батыс Еуропа философиясындағы «эмпиризм мен рационализм» барабарлығын жеңу жөнінде міндет қойғаны белгілі. Ол бұл ахуалды адам-субъектінің ерекше танымдық қабілеті концепциясын жасау арқылы жеңеді. Оның ойынша, бұл субъектінің екі деңгейі бар: феноменальды және ноуменальды. Біріншісіне, таным мен білімнің эмпирикалық формалары, екіншісіне – трансцендентальды, әртүрлі тәжірибеге дейінгілер жатады (априорлы формалар), сондай-ақ, оған әрқилы мүмкін болатын тәжірибелер де сәйкес келеді. Субъектінің танымдық қабілетінің үш деңгейі бар деп түсіндіреді: сезімталдық, парасат және сана. Осыған сәйкес танымдық акті де үш сатылы болады деп ой тұйіндейді.

Танымдық акті деген таным субъектісі мен объектісінің өзара іс-әрекет үдерісі. Объект бос әсер алуды тудыра отырып, сезімталдылыққа қатысты іс-әрекет жасайды; сезімталдық өз кезегінде осы бос әсер нәтижесін өңдейді. Білім – бұл материя мен форманың бірлігі; дегенмен материя объектіден, ал форма субъектіден туындайды, – деп атап өте отырып, сезімталдылықтың ықтимал формалары (кеңістік және уақыт) материяға таңылып, оны өзінің ерекшелігіне сәйкес өңдейтіндігін көрсете келе, ал білім – материя мен форманың бірлігі болғандықтан, біз объект өзінше сезімталдыққа осылай әсер ететінін талдай алмаймыз, – деп санайды Кант.

Философ мәселенің осылай шешілуін ол «эмпиризм немесе рационализм» барабарлығынан жоғары тұратындығына сенімді болды. Осы ықтимал шешімнің құны, біріншіден, объективтілік шындықты танудан бас тарту болып табылады.

Әлем, Кант бойынша, тек берік қабырғамен ноуменальдық (өзіндегі заттар әлемі) пен феномальдық (құбылыстар әлемі) және тануға болатын субъект болып бөлінеді. Екіншіден, аталған баламаның априорлы шешімінің құны Канттың өлшеу мен дамудағы сезімталдылық пен ақылдың формаларынан бас тартуына алып келеді. Шынында, дәл осы априорлы және өзгермеушілік формаларын тану әлемді өзінің заттары мен құбылыстар әлеміне бөлу және біріншісінің танылмауы туралы тұжырым болғандығына негіз болып табылады. И. Канттың таным теориясының жалпы концептуалдық негізі осыған келіп саяды.

Канттың пікірінше, кеңістік пен уақыттың априорлы формаларымен сезімдік сатысында өңделген материал осы материалды өзінің меншікті – априорлы құралдарымен өңдейтін ақылмен жеткізеді. Танымның екі сатысы да (Кант оларды жанның мүмкіндіктері деп атайды) бірдей қажет және шын мәнінде бір-біріне қатыссыз. Ойшылдың айтуынша, сезімталдық пен ақыл бірлесе отырып, адамның тану мүмкіндігін жоққа шығарады. Осы тәжірибеге сүйенген ақыл (бұл жерде, пайымдаудың жорамал формаларымен өңделген) айрықша шынайы білімді береді. «Сондықтан, – деп жазады Кант, – трансценденталдық логиканың таза парасатты білімнің бастауын беретін бөлігі және бір де бір затты ойлауға болмайтын ұстанымдар дегеніміз трансценденталдық аналитика және сонымен қатар ақиқат логикасы» [2, 162 б.]. Осылайша, танымдық дүниетанудың мәдениеті оның айтуы бойынша шын мәнінде мүмкін емес, бірақ елестету кезінде ғана мүмкін болатын тәжірибенің шегінен шығуға мүмкіндік бермейтін ақыл ережелеріне қатаң сүйенуден тұрады. Сонымен бірге Канттың мәдениет пен тәртіпті ажыратуына қарамастан, осы жағдайда дүниетану мәдениеті мен дүниетаным тәртібі сәйкес келеді.

Иммануил Кант: «Білімде ойлау заңдарымен келісілетін ешқандай адасу болмайды. Сезімталдықты білдіруде де, ешқандай адасу болмайды (себебі, оларда мүлдем пікір болмайды)», – деп жазады [2, 326 б.]. Оның ойынша, жаңылу ақылдан туындайды, ол парасаттылықтың заңдарымен және ережелерімен келісуді қаламайды. Дегенмен ол мүмкіндіктен тысқары, трансценденталдық саласына шығуға аса ниетті. Сол кезде зұлымдық диалектикасы іске қосылып, көру мүмкіншілігі туындайды. Канттың танымның «таза» мүмкіндіктерімен байланысы болғандықтан, ондағы әңгіме эмпириялық феномендер туралы емес, трансценденталдық туралы болып отыр. Сондықтан бұл логика – трансценденталдық логика, ол тиісінше трансценденталдық аналитикадан (таза ақыл канонынан) және трансценденталдық диалектикадан (таза ақылдың квазиорганынан) тұрады. Таза парасат тиісінше эмпирикалық емес, трансценденталдық көзге көрінуді тудырады, сонымен қатар, трансценденталдық диалектика және трансценденталдық көзге көрінуі парасатқа болжау арқылы ғана беріледі. «Тиісінше, таза парасаттың, ол қандай да болмасын ақкөңіл адамның білімінің жеткіліксіз болуынан шатаспайтын немесе табиғи түрде қандай да болмасын софист парасатты адамдарды жолдан тайдыру үшін құратындай

емес, адамзат парасаттылығына ажыратылмастай тән және оны тіпті оның жалғандығын жария еткендіктен кейін азғыруына тоқтатпайтын және оны қайта-қайта жою қажет болатын аз ғана адасуға үнемі алып келетіндей табиғи және жоққа шығарылмайтын диалектикасы бар», – деп Кант күйіне мәлімдейді [2, 339-340 бб.].

Ол диалектикалық парасаттан «білгішсініп пайымдаудың» паралогизмдер, антиномиялар және идеялар сияқты үш түрі туындайтындығын атап өтеді. Олардың барлығы мүмкін болатын тәжірибенің шегінен шығатын сияқтыларға үміттенетін білімді құрайды. Бірақ бұл трансценденталдық (объективті) көзге көріну мүмкіндігінен аса алмайды деген сияқты ойларын түйіндейді. Мысалы, атақты космологиялық антиномияларда тезис те, антитезис те бірдей ақиқат және екеуі де қатаң логикалық түрде дәлелденеді. Бірақ осы ақиқаттар және дәлелденушілік тек көзге көріну мүмкіндігі ғана, себебі, тезис те және антитезис те қандай да болмасын ықтимал тәжірибенің шегінен трансценденталдықтан трансценденттікке шығуға үміттенуіне ескерместен қалыптастырылады.

Жоғарыда айтылғандардан диалектиканы, жалпы логиканы дұрыс қолданбау салдарынан (канонды органон ретінде пайдалану) ойлау мәдениеті мен тәртібінің бұзылуы пайда болады. Трансценденталдық диалектика ойлау мәдениетінің болмауының пайда болуы емес, себебі, ол тәрбие өнімі болып табылмайды. Оны адамзаттың парасат формасында ойлауының бақытсыздығы деп айтуға болады. Ойлаушы адам

спекулятивтік диалектиканың арбауына түсіп қалмауы үшін әрқашан даяр тұруы тиіс. Шындығында, бұндай арбауларды сыни және өрісті ойлаушы бірден-ақ аңғарған болар еді. Бұл мәселені зерттеушілердің пікірінше, өрісті ойлаушы оларды аңғарып қана қоймай, өзі де саналы түрде қолданбауы қажет. Өйткені бұндай спекуляцияларды, софистикаларды т.б. арнайы пайдалану ғылым әдебіне жат деп санайды [5, 72-74 бб.]

Сондықтан, трансценденталдық диалектиканың трансценденталдық логиканың бөлімі ретінде ең алдымен адасудың алдын алу функциясы бар екендігін ескерген жөн. Кант бұл мәселені былайша пайымдайды: «Диалектика логикада ең алдымен диалектикалық көзге көріну мүмкіндігінің сынау формасында атап өтіледі» [2, 162 б.]. Осыдан Канттың «Таза парасатты сынау» атты басты эпистемологиялық шығармасы әйгілене түседі. Бұл ақылды емес, парасатты сынау екендігін ескерген жөн. Өйткені, ақыл сынауды, шекараны белгілеуді қажет етпейді. Тиісінше, парасатты дегеніміз ойлау мәдениетінің пайда болуы болып шығады. Сондықтан, Кант осы ойлау мәдениетін анықтай білдім деп есептейді.

Қорыта айтқанда, И. Канттың ойлау мәдениеті туралы пайымдаулары парасатты сынаудан бастау алып, логиканы, аналитиканы, диалектиканы трансцендентальдік тұрғыдан қарастырумен сабақтасып, оның таным теориясындағы адасулардың алдын-алумен келіп түйінделеді. Бұндай ойлау мәдениеті қазіргі таңда ойлау үдерісі мен тұлғаның өрісті ойлау мәдениетін қалыптастыруында маңызды роль атқарады.

Әдебиеттер

- 1 Бэкон. Антология мировой философии. В. 4-х т. Т.1. – М.: Мысль, 1969. – 776 с.
- 2 Кант И. Соч. В. 6-ти т. Т. 3. – Ч. 2. – М.: Наука, 1965. – 423 б.
- 3 Кант И. Соч. В. 6-ти т. Т. 4. – Ч. 2. – М.: Наука, 1965. – 413 б.
- 4 Кант И. Трактаты и письма. – М.: Наука, 1980. – 712 с.
- 5 Аташ Б.М., Асқар Л.Ә. Өрісті логика. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 82 б.

References

- 1 Bacon. Anthology mirovoi philosophy.-В 4 t. -Т.1. – М.: Misl, 1969. – 776 s.
- 2 Kant I. Soch.- 6 t. Т. 3. – Н. 2. – М.: Nauka, 1965. – 423 b.
- 3 Kant I. Soch. 6 t. Т. 4. – Н. 2. – М.: Nauka, 1965. – 413 b.
- 4 Kant I. Traktatiipisma. – М.: Nauka, 1980. – 712 b.
- 5 Atash B. M., Askar L. A. Oristi logica. – Almaty: Kazak university, 2015. – 82 b.